

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ
ЗАҢНАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ТАЛДАУ****Мейрамбек А.М.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

meirambek.azhar01@mail.ru

Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесін бетбұрыстандыру бірнеше кезеңнен тұрды: 1 кезең – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы (1991-1994 жылдар); 2 кезең – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту (1995- 1998 жылдар); 3 кезең – білім беру жүйесін қаржыландаруды орталықсыздандыру, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейту (1999-2000 жылдар); 4 кезең – жоғары кәсіптік білім беру жүйесін стратегиялық дамыту (2001 жылдан бастау алған қазіргі кезең).

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке еруге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы».

Латын тіліндегі «компетенс» сөзін ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез- құлқын , ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты » деп көрсетеді. К.Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды.

Қоғамдық қатынастарға қатысушылардың басы көпшілігі құқыққа сай әрекет етеді, яғни өз құқықтары мен бостандықтарын пайдалану, міндеттерін орындау барысында елінің заңдарын сақтап, ешқандай ережелерді бұзбайды.

Құқыққа сай жүріс тұрыс құқықтық нормалардың талаптарына жауап беретін жүріс тұрыс. Азаматтар мен ұжымдардың құқықтық нормаларды сақтаудан, орындаудан, жүзеге

асырудан көрініс табатын, қоғамға қажетті, мемлекет тұрғысынан қалаулы немесе рұқсат етілетін жүріс тұрыс. Құқыққа сай жүріс тұрыстың ерекшеліктері:

- Қоғам үшін пайдалы
- Адам еркінің бостандығын білдіреді және жүзеге асырады
- Тұлғаның, мемлекеттің мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандырады
- Қоғамда қажетті құқықтық тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді
- Тұлғаның позитивті жауапкершілігімен бай/ты;

Дегенмен, белгілі бір жағдайларда субъектінің жүріс тұрысы құқыққа сай болғанымен зиянды болуы мүмкін. Мыс, адам бірнеше рет неке құрып, ажырасса, бұл формальды түрде заңға қайшы келмейді. Себебі, заңда адамның некеге отыруының саны белгіленбеген. Соған қарамастан, бұл әрекет қоғамға зияндылығын тигізіп, мемлекет пен қоғамның отбасын нығайтуға қатысты ұмтылысына қайшы келеді.

Құқыққа сай жүріс тұрыстың құрамына келесідей элементтер кіреді:

- Субъект (құқық және әрекет қабілеттілікке ие тұлға)
- Объект (қоғам үшін пайдалы нәтиже)
- Обьективтік жақ (құқыққа қайшы келмейтін әрекет н/ әрекетсіздік)
- Субьективтік жақ (позитивтік мақсаттар, ұстанымдар, себептер)

Арнайы әдебиеттерде құқыққа сай жүріс тұрыстың келесідей түрлері бар:

- Әлеуметтік белсенді жүріс тұрыс-құқықтық нормаларды жүзеге асыруға, құқықтық тәртіпті, заңдылықты, тұрақтылықты сақтауға, мемлекет, қоғам және өзге тұлғалардың мүдделерін қорғауға бағытталған, теріс ұғынылған, мақсатты бастамашыл жүріс тұрыс. Субъект көп жағдайларда құқық бөзушылықтарды алдын алуға қатысты белсенді әрекеттерді қолға алып, ҚҚО қылмыстылықпен күресуге жәрдемдеседі. Тұлға нормаларды объективтік тұрғыдан қажет, ақылға қонымды, өзінің көзқарастарын, қажеттіліктерін, ұмтылыстарын білдіретін құбылыс ретінде қабылдайды. Бұдан тұлға санасының жоғары деңгейі, оның позитивтік жауапкершілігінің дамығандығы көрініс табады.

Әлеуметтік бәсең жүріс тұрыс. Бұл кезде субъектілер негізінен құқыққа қайшы әрекеттерді жасаудан тартынады; кейбір жағдайларда іштей қарсы болса да заңды заңдарды немқұрайлы түрде орындайды. Іс жүзінде бұл мәжбүрлі жүріс тұрыс.

- Дағдылы жүріс тұрыс. Өздерінің неліктен заң талаптарын орындайтынын түсіндіруге киналады. Көп жағдайда олар «осылай істеу қажет», «бізді осылай үйреткен», «бізді осылай тәрбиелеген», «басқаша болмайды» деп жауап береді. Олар үшін құқыққа сай жүріс тұрыс қалыпты және өздігінен болатын өмірлік жағдай деп танылады. Мұндай жүріс тұрысқа көптеген факторлар әсер етеді: салт дәстүрлер, отбасылық және өзге де тәрбие, саналы консерватизм, қалыптасқан қағида, ереже, көзқарас, тәртіпке, тыныштыққа, әділеттілікке деген ұмтылыс.

- Конформистік жүріс тұрыс қоршаған адамдардың ықпалына, «бөтен пікірлерге» тәуелді болады, сондықтан конъюктуралық, дербестігі жоқ, икемдеуші б.т. «Конформизм» латын тілінен аударғанда ұқсастық, сәйкестік, біркелкілікке ұмтылу деген мағынаны білдіреді. Конформистік жүріс тұрыстың мәні «барлығы сияқты», «көпшілік сияқты» деген ұстанымдардан көрініс табады. Оның себептері басқалардан бөлініп шығудан, өзгеше болудан қорқу. Бұл жағдайда тұлға өз пікірін білдіре алмайды және белсенді әрекеттерге бармайды.

- Маргиналдық жүріс тұрыс. Маргиналдар – өмірдің қалыпты ағымынан шығып, өмірден шеттеп қалған, тіпті құрдымға кеткен адамдар (тұрғылықты жері жоқ тұлғалар, үйі жоқ қаңғыбастар, қайыршылар, алкогольдік, есірткілік ауруға шалдыққан адамдар, бұрын сотталған адамдар, босқындар, жер аударғандар). Көбіне олардың жүріс тұрысы құқыққа сай немесе құқыққа қайшы жүріс тұрыстың шегінде орын алады. «Маргиналдық» сөзі латын тілінен аударғанда шет, шекара, аралық деген мағынаны білдіреді. Әлеуметтік түп тамырын жоғалтқан, тағдыр тәлкегіне ұшыраған мұндай адамдар ештеңеден тайынбайды. Мұндай тұлғалар өмір сүру мақсатында түрлі құқық бұзушылықтарға, қылмыстарға барады. Олардың өмір сүретін ортасы қылмысқа итермелеп, моральға, құқыққа, өзге де құндылықтарға деген белгілі бір құндылықтарды қалыптастырады.

• Нигилистік жүріс тұрыс. Нигилизм белгілі бір ережелер, нормалар, қағидалар, көзқарастар, заңдар мен өмір сүру дәстүріне қатысты теріс қатынасты білдіреді.

Заң ғылымында заңды жауапкершілік институты ерекше орын алады. Жауапкершілік деген түсінік көп мағыналы. Ол саяси, моральдік және заңды жауапкершілік болуы мүмкін. ҚР Конституциясының 34 бабында “әркім ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын; абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті” делінген. Бұл аспектіде жауапкершілік адамдарда өз міндетіне деген дұрыс көзқарасты тәрбиелейтін фактор, құқыққа сай жүріс-тұрысты насихаттайды деуге болады. Заңды жауапкершілікке әркім өзіндік түсінік береді. О.Ф. Иваненконың айтуынша “заңды жауапкершілік – құқық бұзушының жағымсыз салдарға төзуі, белгілі бір мемлекеттік мәжбүрлеу нысанын өз басынан өткізуі. Ал Б.Т. Базылев “заңды жауапкершілік өз табиғаты бойынша қорғаушы құқықтық қатынас, ал сыртқы пішіні – жазалаушы құқықтық байланыс” дейді.

Заңды жауапкершілік дегеніміз – арнаулы органдар немесе лауазымды тұлға түріндегі мемлекет пен құқық бұзушының арасындағы тиісінше айырулар мен қарсы әрекеті үшін жағымсыз салдарға төзу міндеті жүктелетін құқық нормасын бұзудан туындайтын құқықтық қатынас. Жеке сипаттағы (мысалы, бас бостандығынан айыру), мүліктік (мысалы, айыппұл) немесе ұйымдық сипаттағы (мысалы, жұмыстан шығару) шектеулер осындай зардаптар болуы мүмкін. Әлеуметтік жауапкершіліктің ерекше бір түрі ретіндегі заңды жауапкершіліктің белгілері мыналар: а) мемлекет құқық нормаларында белгілеген; ә) мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенеді; б) арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар іс жүргізу тәртібімен қолданады; в) құқық бұзушы үшін нақты теріс зардаптардан көрінеді және қосымша міндеттер жүктеумен байланысты; г) тек қана жасалған құқық бұзушылық үшін туады және қоғамның бетіне басумен байланысты. Заңды жауапкершіліктің мағынасы мен мақсаты субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау болып табылады. Заңдық жауапкершіліктің міндеттері осыдан туындайды. Біріншіден, құқық бұзушылыққа кінәліні жазалау (жазалау міндеті). Екіншіден, құқықты қалпына келтіру және келтірген зиянды өндіріп алу, ысырапты өтеу (қалпына келтіру міндеті). Үшіншіден, құқықтық санада заңды мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру және заңдық жауапқа тартылушы субъектінің де (жеке ескерту), құқық қатынастарының басқа субъектілерінің де (жалпы ескерту) жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу. Құқық бұзушылықтардың түрлеріне қарай заңдық жауапкершілік былайша жіктеледі:

• *қылмыстық*, тек қана қылмыс үшін және қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңдарына сәйкес соттың үкімі бойынша ғана қолданылатын ең қатаң түрі;

• *әкімшілік*, яғни әкімшілік теріс қылық жасағаны үшін, қызмет міндеттерін орындаумен байланысы жоқ түрі;

• *азаматтық*, шарттық міндеттемелерді бұзудан туындайтын түрі;

• *тәртіптік*, тәртіптік билігі бар лауазымды адамдардың тәртіптік теріс қылық үшін қолданылатын түрі.

Тәртіптік жауапкершілік ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес, бағыныштылық тәртібімен, кейбір салаларда қолданылатын тәртіптік жарғылар мен ережелерге сәйкес пайда болуы мүмкін;

• *материалдық*, еңбек міндеттерін орындау кезінде ұйымға келтірген залал үшін болатын түрі.

Заңды жауапкершіліктің әр түрінің өзіне тән мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары бар. Оларды мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шараларымен шатастырмаған жөн, ал оларға: құқық бұзушыны жауапқа тартпай-ақ, бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін қолданылатын қорғау шаралары (алименттерді мәжбүрлеп өндіріп алу және т.б.); құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, яғни ол жасалғанға немесе аяқталғанға дейін формальды түрде және демек, жаза ретінде емес, сақтық ретінде қолданылатын тыю шаралары (кетпеуі туралы тілхат, ұстау және т.б.); мәжбүрлеп алдын алу сипатындағы шаралар (карантин, дүлей зілзалалар немесе бұқаралық шаралар жағдайларында жүріп-тұру еркіндігін шектеу), қоғамға қауіпті

әрекеттер жасағаны үшін кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпал жасаудың мәжбүрлеу шаралары немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (ақыл-есі кемістерге, маскүнемдер мен нашақорларға, жезөкшелерге және айналасындағылар үшін ерекше қауіпті аурулар жұқтырғандарға); меншік иесінің мүлкін оның құнын тең етіп өтіп, мемлекеттік мұқтаждар үшін мәжбүрлеп иеліктен айыру ретіндегі реквизициялау жатады.

Заңды жауапкершілік мемлекеттік мәжбүрлеумен байланысты. Бірақ заңды жауапкершілікті тек мемлекеттік жауапкершілікпен теңестіруге болмайды. Заңды жауапкершілік құқықтық қатынас ретінде оның бір тарапты құқық бұзушы белгілі бір айыруларға, жазаларға төзуге міндетті. Жауапкершілік – мәжбүрлеудің өзі емес, ол құқықтық нормалардың санкцияларына сәйкес төзу міндеті болып табылады. Яғни, құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану заңды жауапкершілікті жүзеге асыру [5].

Қазақстанда заңды жауапкершіліктің кез келген түрі *заңдылық* (жауаптылық тек заң негізінде, заңда көзделген әрекет үшін және заң шегінде ғана болуы мүмкін); әділеттік (теріс қылық үшін қылмыстық жазалауға жол берілмеушілік; жауаптылықты анықтайтын немесе оны күшейтетін заңның кері күші болмауға тиіс; зиян өтелуге тиіс; істелген әрекеттік ауырлық жазасы мен кінә дәрежесінің мөлшерлестігі; бір құқық бұзушылық үшін бір ғана жаза қолданылуы мүмкін); *ізгілік* (адамның қадір-қасиетін кемітетін жазалау шараларын, азаптауды белгілеу мен қолдануға тыйым салу); негізділік (істің мән-жайын жан-жақты зерттеу және адам жасаған нақты құқық бұзушылық фактісін объективті ақиқат ретінде анықтау); *орындылық* (таңдап алынатын ықпал ету шараларының заңды жауапкершілік мақсаттарына сәйкестігі, оны дараландыру және саралау, кінәні ауырлататын мән-жайларды да, жұмсартатын мән-жайларды да есепке алу) және заңды жауапкершіліктің *болмай қоймайтындығы* (оның сөзсіз болатындығы, құқық бұзушылықты сапалы түрде және толық ашу, мемлекеттің кінәлілерге міндетті түрде көңіл аударуы, қылмыскерлікке қарсы күрес тиімділігінің шарты) принциптеріне негізделерді.

Кешірім жасау немесе рақымшылық ету актілері жауаптылықтан босатпайды, бірақ жазаны ауыстыруы немесе жоюы мүмкін.

Заңдылық – қолданалып жүрген құқық нормаларына оның барлық субъектілерінің (мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, азаматтардың, барлық жеке және заңды тұлғалардың) қатаң және бұлжытпай сақтауы. Жұмыс істеуі тұрғысынан алғанда заңдылық қызмет принципі ретінде, билікті жүзеге асыру әдісі ретінде, қоғамдық-саяси өмірдің режимі ретінде, түрлі құқықтық қатынастарға қатысушыларға қойылатын *талаптар жүйесі* ретінде қарастырылуы мүмкін.

Заңдылық ұғымын неғұрлым кең көлемді болып табылатын және заңдық негізділікті (мысалы, билік институты, лауазымды адамның іс-әрекеттері, басқару шешімдерінің заңдылығы, заңдардың конституциялығы және т.б.) ғана емес, сонымен қатар нақ солардың әлеуметтік танылғандығы ретіндегі, билік пен беделді, талап пен органдарына сену ретіндегі мазмұнды жағын да қамтитын «заңды» («легитимность») деген ұғымға балауға болмайды.

Заңдылық ұғымына мынадай элементтер (олар принциптер деп те аталады) кіреді: мемлекеттің бүкіл аумағында нормативтік актілерді бірдей түсініп, бірыңғай қолдану ретіндегі заңдылықтың *бірлігі*; Конституция мен заңдардың оларға өзге де барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің бағыныштылығы мен кімнің болса да Конституцияға және заңдарға қайшы келетін актілерді қабылдауына немесе шығаруына болмайтындығы ретіндегі үстемдігі; адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының оларды жүзеге асырудың нақтылығы ретіндегі *кеңілділігі*; заңдылық пен орындылықты қарама-қарсы қоюға болмайтындығы – Конституция, қолданылып жүрген заң дегеніміздің өзі де ең жоғары орындылық. Пайданы, тиімділікті, қажеттілікті сылтауратып олардан орағытып өту – барып тұрған орынсыздық; конституциялық норма ретіндегі *кінәсіздік презумпциясы*: «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» (Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы); заңдылық пен мәдениеттіліктің өзара байланысы: құқық нормаларының талаптарын сақтау – жеке адам мен қоғамның мәдениет деңгейінің көрсеткіші;

жеке адам мен қоғамның мәдениеті заңдылықтың жай-күйін, құқық тәртібінің адамгершілік табиғатын анықтайды.

Заңдылық үшін қолданылып жүрген құқық нормаларын дәл және бұлжытпай сақтауды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кедергісіз жүзеге асыруды және барша жұрттың өздерінің заңдық міндеттерін орындауын қамтамасыз ететін жағдайлар мен амалдар кешені өте маңызды. Бұл жағдайлар мен амалдар – *заңдылықтың кепілдіктері*. Заңдылықтың кепілдіктері әдебиетте: *жалпы* және *арнаулы* болып негізгі екі түрге бөлінеді.

Ең алдымен құқық тәртібін қорғауға тиісті мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықты сақтаудың елдегі заңдылықтың жай-күйінің айнасы деп саналатыны кездейсоқ емес, өйткені заңдармен реттелген нақты қоғамдық тәртіптің ұйтқысы ретінде құқық тәртібін тек заңды құралдар ғана қамтамасыз ете алады, ал заңдардың орындалуы құқық тәртібін нығайтуға жеткізуге тиіс. Құқық тәртібі демократияны дамыту мен нығайтуға жәрдемдеседі. Құқық тәртібі болмайынша демократия берекесіздік пен бетімен кетушілікке айналады. Құқық бұзушы үшін заңды жауапкершілік оған деген құқықтық нормада көрініс тапқан жауапкершілік шаралары көрсетілген санкцияларды қолдану.

Қазақстан Республикасы мен Германия, Франция мемлекеттерінің салық заңнамасының бұзылғаны үшін жауапкершілік. Салыстырмалы-құқықтық талдау.

Қазақстан Республикасында салық жүйесін жетілдіру барысында шетел тәжірибелерін, олардың қызмет ету ерекшеліктерін ескеру қажет екені бәрімізге мәлім. Сондықтан басты мақсат салық салу саласындағы әр түрлі мемлекеттердің салық жүйелері, салықтардың түрлері туралы мәселелерді тереңдету болып табылады.

Алыс, жақын шет мемлекеттердің салық жүйелері әр түрлі экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайлардың барысында қалыптасты. Кейбір елдердің салық заңнамаларында салық төлеушілер мен өзге де тұлғалардың іс-әрекеттер адалдығын бағалау үшін құқықтық тұрғыда «құқықпен асыра пайдалану» деген ұғым бар. Франция мемлекетінде 1982 жылдың 1 желтоқсанынан бастап әрекет ететін «Фискалдық үрдістердің бостандығы туралы» Заңның 64-бабына сәйкес шарттар мен келісімдердің заңды табиғатын жасыру мақсатында келіп түсетін немесе жіберілетін келісімдер туралы жала түсінік беру негізінде салық әкімшілігінің өкілеттілігін жүзеге асыруға кедергі болмайды деп бекітілген.

Францияның құқықтық доктринасында құқықты асыра пайдалану — салықтан толық немесе бөлшектеп босату мақсатында жүргізілетін заңды құрылымдар нәтижесі. Егер әкімшілік заңды істің жағдайына күмәнданса, ол құқықты асыра пайдаланғаны жөнінде анықтап бекітуге міндетті. Дәл осы мақсатта салық төлеуші және өзге де тұлғалар кеңесші органға сұрау салу арқылы жүгінуге құқығы бар. Яғни кеңесші орган — мемлекеттік кеңесшіден, кассациондық сот кеңесшісінен, заң факультетінің профессорлары және салық басқармасының бастығынан құралады. Бұл жағдайда егер комитеттің көзқарасы салық төлеуші үшін қолайсыз болса, онда дәлелдеме ауыртпалықтары (асыра пайдаланудың болмауы) салық төлеушіге жүктеледі. Шет елдердің сот тәжірибесінде құқықты асыра пайдалану түзелісімен қоса, «анормалды» басқару актісі деген түсінік пайдаланылады. Франциядағы Мемлекеттік Кеңес тәжірибесіне сәйкес, көбінесе шығыстар мен шығындарын ұйымның есебінен жүзеге асыру арқылы әрекеттер немесе ұйымға кірістердің түсуін жоятын әрекеттерді түсіндіреді. Ұйымның лауазымды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес жүргізілетін экономикалық ақталмаған операциялар, үшінші тұлғаның мүддесіне сай жүзеге асырылған немесе ұйымның табыстардан бастартуы ретінде «анормалды» басқару актісі танылады, мысалы, ұйымның мүлкін негізгі бағасынан төмен сату, пайызсыз ссуда. Айтылып отырған баға, бір жағынан, салынатын табыс салығына кірсе, екінші жағынан — табысынан алынатын салық танылады. Айта кететін бір жайт, шет елдердің салық құқығында адал салық төлеушіге олармен жасалатын шарттар мен іс-әрекеттердің салық әкімшілігімен құқықты асыра пайдалану деп танудан сақтандыру арнайы үрдістерін қарастырады. Әдетте Франциядағы «фискалдық үрдістер бостандығы туралы» Заңның 64-бабына сәйкес кез келген салық төлеуші салық әкімшілігіне жүзеге асырайын деп отырған іс-әрекеттердің заңды екендігін анықтау үшін сұрау салуға құқықтары бар. Мәні бойынша салық төлеуші салық әкімшілігіне барлық

құжаттарды бере отырып, жазбаша кеңесті алудан бастап шарттарға отыруға дейінгі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы. Әкімшілік осыған байланысты жүзеге асырайын деп отырған әрекеттерінде құқықты асыра пайдалану бар-жоқтығы сұраулардың жауаптарында көрсетілуі міндетті. Мұндай жауапты қайтаруға алты ай мерзім беріледі. Егер осы уақыт ішінде салық төлеуші жауабын алмаса, онда ол өз әрекеттерін құқылы деп санауға негізі бар. Егер әкімшілік бекітілген уақытта қарсылық немесе еш жауабын қайтармаған жағдайда, ол болашақта бұл әрекетті құқықты асыра пайдалану деп тануға құқығы болмайды. Белгіленген кепіл саласында салық төлеушінің сұрау салуында мәмле немесе келісімдер шектелген. Мұны шет елдердің салық құқығында фискалды рескрипт деп атайды. Дәл осындай үрдістер басқа да мемлекеттерде әрекет етеді.

Германия мемлекетін алатын болсақ, фискалды бақылауды жүзеге асырумен байланысты жағдайларды бағалау немесе кеден алымдары, жалақыға салық мәселелері бойынша салық төлеушілер кеңес алу үрдісімен шектеледі.

Франция мемлекетінде құқықты асыра пайдалану өздерінің экономикалық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында салықтан заңды түрде айналып шығу мүмкіндігі бар. Салық төлеуші салықтан салық заңнамасында көрсетілген жеңілдіктер мен өздеріне тиімді жолдарын пайдалана отырып, салық төлеуден құтылып кетеді. Бірақ та салық төлеуші салықты төлемеу немесе жалтару құқық бұзушылықтың негізгі құрамдарының бірін құрай отырып, елдің ішкі заңнамасына сәйкес, жауапкершіліктерге ұшырайды.

Дамыған шет елдерінде көбінесе салық құқық бұзушылықтардың жасалуын алдын алу үшін салық заңнамасын жүзеге асыруына, сонымен қатар салықтық келісімдерге отыру кезінде құқықты асыра пайдалануға аса көңіл бөлінеді.

Кейбір мемлекеттерде арнайы «айыппұлды салық» әрекет етеді. Ондай салықтардың біріне корпорация табысына қисынсыз топтастыру бойынша салық жатады және ол көбінесе АҚШ-та қолданылады. Мысалға, акционерлік қоғамға займ беру немесе корпорацияның құрал-жабдықтарын өз тиімділігі үшін қолдану; корпорациямен байланысты тұлғаларға займ беру және тағы басқаларды келтіруге болады. Осыған сәйкес басқа салық түрі — холдингтік компанияның жеке өзіне салық ретінде қолданылады. Онда корпорация белгілі бір операцияны жүзеге асыру барысында — чек кітапшасын қолдануды шектейді.

Тәжірибеде салық дауларды қарастыру кезінде салық төлеуші салық органымен бәсекеге түсуге тырысады. Себебі салық инспекциясының қатысуымен ақысыз түрде немесе ең төменгі төлем шегінде жүргізіледі. Әйтпесе екі тарап үшін бюджет алдында қарыздарды өтеу негізінде ақшалай айыппұл салынып отырады. Салық органы сотпен қабылданған шешімнің жоғары сапалығына мүдделі, себебі салық органы салық төлеушінің алдында актілердің негізділігінде жауап береді. Сот процесі кезінде сот төрелігі сотқа қатысып отырған тұлғалардың конституциялық құқықтары бұзылмауға тиіс. Мұндай мәселелер бүкіл әлемде бекітілген. Мысалы, Германия мемлекетіне салық дауларын сотқа бермес бұрын жоғарыда қойылған мәселелер мен талаптарды жүзеге асыруға міндетті. Сонымен қатар салық салу саласындағы барлық дауларды шешу үшін арнайы салық сот құрылған болатын. Тәжірибеде дауларды көбінесе бейбіт жолмен шешуге тырысады, ал сотқа тек аса қажетті жағдайларда ғана жүгінеді.

Францияда салық заңнамасында (Францияның Салық кодексі қосымшалар мен түсініктемелерді қоса алғанда 4000-нан астам баптан тұрады) салық органдары салық төлемдерін алу негізінде көптеген даулар туындайды, сонымен қатар салық органдарының актілеріне қарсылық көрсету салық төлеушілерге үлкен мүмкіндік берілген. Бұл елде де дауды шешу үшін сотқа тек аса қажетті жағдайларда жүгінеді.

Нарық механизмдері қарқынды дамуы салық салу жүйесінің барлық элементтерін қайта құрылуына атсалысады. Осының негізінде әр түрлі деңгейдегі билік органдарының өкілеттігі мен мәртебесін нақтыландырып, олардың төлеу және есептелу механизмін анықтау арқылы жаңа салықтар пайда бола бастайды. Бұндай өзгерістер салық салу саласындағы механизмдердің бақылауын күшейтуді қажет етті. Осыған байланысты мемлекет тарапынан бақылау органдарының қызметі мемлекет алдында салық төлеушілер өз міндеттерін толық

және уақытылы салық төлемдерін төлеуін тексерумен байланысты. Дегенмен де сәйкесінше бюджетке немесе қорларға қажетті көлемдегі салық төлемдері келіп түспейді. Бұндай жағдайда тек қана құқықбұзушылықты көру бұрыс болмас еді, бірақ бұл жерде салық төлеушілер өздеріне жүктелген міндеттерді толықтай орындамағаны да болып табылады. Бюджеттер қажетті қаражаттардан екі үрдіс арқылы айырылады: салық төлемдерін төлемеу және салықты заңды түрде айналып шығу.

Салықты заңды түрде айналып шығудың негізіне салықты төлемеудің мүмкіндіктері мен жолдары жатады. Бұндай жағдайда салық төлеуші заңнамада көрсетілген салық нормаларын сақтамау арқылы, заң шығарушы салық төлеушілерге берген салық таңдау құқығын беру шегінде кейбір кемшіліктерді пайдаланады.

Салық төлеуден заңды түрде айналып шығу нұсқасы келесідей болады [4]. Салық салынуға жататын объектінің өзгешелігі. Мысалы, кейбір кәсіпкерлер қор биржасында бағалы қағаздары сатуға қою арқылы бір уақытта сол бағалы қағаздарды сатып алумен айналысады. Осыған байланысты муниципалды облигациялардағы бағалы қағаздарға корпорациялық салық мөлшері 70 пайыздан 0 пайызға дейін төмендеуге мүмкіндік береді. Салық салудың арнайы субъектісі. Отбасылық салық салу ерлі-зайыптылардың арасындағы кіріс көзіне салықты төмендету үшін бөлуге болады. Салық салудың пропорционалды және прогрессивті түрде сәйкес келуі. Толығымен барлық сома бойынша біртұтас ставканы қолданудан гөрі, табысқа орташа және төменгі ставканы қолдану арқылы максималды деңгейге жетуге мүмкіндік береді. Әр түрлі мүліктен кіріс дифференциациясын қолдану. Бұл әдістің негізіне әр түрлі салық алудың талаптарын қарастырады. Салық алудың тиімді әдісін таңдап алу. Мысалы, итальяндық заңнамада ауыл шаруашылық салығына кадастрды есепке ала отырып, 5–10 жыл ішінде бір рет қаралады. Инфляциялық үрдісі бұл кезеңде едәуір төмендейді. Салық төлемдерін төлемеу әр түрлі салық бұзушылықтар топтарын құрайтын, салық төлемдерінен заңды түрде айналып шығуымен толықтырылады. Бұл құқықбұзушылықтардың мазмұны салық төлеушілердің міндеттемелерін тиісінше орындамауынан құралады. Кейбір салықтық заңнамалар тек салық төлемдерін төлемеу бір санкцияға мүмкіндік береді. Американдық құқық бойынша салық құқықбұзушылықтарының белгісі қасақана сипаттағы әрекет немесе әрекетсіздік: «кінәлі тұлға заңды біле тұра бұзу».

Салық құқық қатынастарының субъектілерінің қызметі мен тәртіп сипатына байланысты келесілерді белгілеуге болады. Салықты заңды түрде айналып шығу заңнамада белгіленген салықты заңды түрде төлеуден бастарту болып табылады. Салық төлемдерін төлемеу — салық төлеушінің тиісінше өз міндеттерін толығымен немесе жартылай орындамағанынан тұратын құқық қатынастары. Артық сомадағы салықты төлемін алу салық органдарының қызметкерлері қасақана негізсіз салық төлемдерін салық төлеушілерден алудағы әрекеттері болып табылады.

Салық санкциясының механизмін екі жол арқылы сипаттауға болады: американдық — салық қысымын жоғарлату негізінде санкцияларды күшейту. Кейбір елдерде салықтық емес құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылады. Көбінесе ол табысты алумен байланысты қылмыстар үшін жазалау санкциясын қолданады. Бұндай жағдайда салық төлеушілер ол табыс көздерін жасырып, салықты төлеуден құтылып кетеді. Мысалға, 30 жылдары чикаголық қылмыскерлер тобының басшысы Аль Капоне салық заңын бұзғаны үшін 11 жыл бас бостандығынан айырылу жазасымен қосымша 70 мың доллар айыппұл төлеумен жазаланған болатын [5]. Еуропалық үлгі салық төлеушіге неғұрлым жеңіл жауапкершіліктерді артады. Дегенмен де, оларда осыған байланысты көбінесе қылмыстық құқықбұзушылықтар жиі кездесіп отырады. Түрік заңнамасы бойынша салық бойынша санкция негізгі жазадан басқа, айыппұлға қосымша баж салығын, алымдар мен төлемдерді төлейді.

Құқықбұзушылықты жасаған кінәлі тұлғаны мемлекет заңды жауапкершілікке тарту үшін негізгі үш мақсатты көздейді: салық және қаржы заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету; өздерінің салық және қаржылық мүдделерін қорғау; құқықбұзушылықты алдын алу және кінәлі тұлғаларға тәрбиелік сипаттағы жауапкершілікті беру.

Тұлғаны жауапкершілікке тарту үшін бір тараптың актісінің негізінде сотты немесе соттан тыс тәртіпте жүргізіледі. Жауапкершілікке тарту үшін құқықбұзушылыққа берілетін бағаға байланысты жүзеге асырылады.

Салық құқықбұзушылығының ауырлық сипатына байланысты қылмыстық, қаржылық және әкімшілік жауапкершіліктер түрлеріне бөлінеді. Қаржылық-құқықтық жауапкершілікке өсімүл мен айыппұл, ал, әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке әкімшілік айыппұл, қылмыстық-құқықтық — бас бостандығынан айыру, түзеу жұмыстары, мүлкін тәркілеумен қоса, өзге де заңнамада көзделген жауапкершілікке тартады.

Салық қылмыстылығымен күресу — барлық елдердегі маңызды мәселелерінің бірі. Оларды шешу үшін экономикалық және қылмыстық-құқықтық сипаттағы ықпал ету шараларды қолдануда. Германияда қылмыстық жауапкершілік 1977 жылғы 16 наурыздағы «Салық және өзге де төлемдер туралы» Ереженің § 369 2-б. сәйкес, егер салық заңнамасында осыған байланысты өзге жағдайлар көзделмесе, қылмыстық-құқықтық нормаларына жүгіне отырып, анықтайды. Дәл осы заңның §370 сәйкес, қылмыс болып салық органына жеткіліксіз немесе жалған ақпарат беру, салық льготаларын негізсіз алу, декларацияларында негізгі табыс көзін жалған көрсету немесе мүлдем көрсетпеу және өзге де қылмыстар танылады. Германия заңнамасы бойынша салықтық құқықбұзушылығы мен қылмысына байланысты жауапкершілікті қарастыру кезінде, неміс сот тәжірибесінде салықтан жалтару фактісін тергеу барысында құқықбұзушылықтың келесі сатыларын атап кету

қажет: салықтан жалтару — жасалған іс-әрекет; салықтан жалтаруға ұмтылу — салықтан жалтартуға бағытталған алдын ала іс-әрекет. Нақты бекітілген салық мөлшелерінің негізінде іс-әрекеттің аяқталуы болып салықты төлемеу фактісі, яғни салықтық мерзімнің өтуіне байланысты салықты төлеу талаптарын орындамау, табылады. Сонымен қатар мерзімнің бастауы болып қаржы органдарымен мөлшелері нақты бекіту аяқталған сәттен бастап есептеледі.

Ал енді өзіміздің елімізге келетін болсақ, Қазақстан Республикасындағы салық саласына байланысты құқықбұзушылықтар мен қылмыстар келесідей көрініс табады.

Қаржылық жауапкершілік — салық төлеуші белгіленген мерзімде орындалмаған салық міндеттемесін орындау: төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасына өсімпұл есептеу; банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру; салық төлеушінің салық берешегі есебіне мүлікке билік етуін шектеу тәсілдерімен қамтамасыз етілуі мүмкін. Мерзімі өткен салық міндеттемесінің сомасына есептелетін мөлшер өсімпұл болып танылады. Салық және басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың сомаларын банк шоттарының есебінен шығару кезектілігін сақтамағаны үшін, салық төлеушілердің банк шоттары есебінен шығарылған және банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассалардың салық және басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды, айыппұлдарды төлеу шотына қабылданған ақшаны бюджетке аударуды кешіктіргені үшін банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға өсімпұл есептеледі. Айыппұл — екі жақтың бірінің шарты бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін төленетін төлем, тұрақсыздық айыбының бір түрі, оның мақсаты — шарт тәртібін нығайту және зардап шеккен жақтың шығынын өтеу. Тұрақты сома немесе орындалмаған міндеттеме сомасының пайызы түрінде алынады. Салық қызметі органдары салық төлеушілердің салық міндеттемелерін дер кезінде орындамағаны үшін айыппұл салады.

Салық мемлекеттік кірістерді толтырудың негізгі қайнары ғана емес, бірақ мемлекеттің нарық экономикаға ықпал етудің негізгі рычагының бірі болып табылады. Сондықтан тиімді салық салу жүйесін құру — кез келген мемлекеттің маңызды мақсаты. Тиімді салық салу жүйесінің көрінісі тек оған жүктелген қызметтерді атқару қабілетілігінен табады. Мемлекетіміздің әлеуметтік-нарықтық даму жағдайындағы салықтық-құқықтық қатынастардың басты әрі маңызды аспектілеріне Қазақстан Республикасы салық жүйесінің ұйымдастырылуы және экономикалық-құқықтық тәртібі, салық төлеушілер мен салық

агенттерінің міндеттері және құқықтары, салық органдарының құзыреттері, салықтық міндеттемелер, салықтық жауапкершіліктер жатады.

Дәл осындай жағдай толассыз өзгеріп отырғандықтан, ұлттық экономиканың даму болашағын есепке ала отырып, салық жүйесін тұрақты түрде жетілдіру қажеттілігі туады. Дамыған елдердің салық жүйесіндегі маңызды белгісі болып халықаралық экономикалық қызмет пен үрдістерді реттеудегі тиімді құралы ретінде пайдалану табылады.

Бүгінде салықтық қатынастарының құқықтық реттеу мәселелері еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінен өте маңызды және елеулі орын алуда. Нарықтық қатынастарға байланысты Қазақстан экономикасында пайда болған жаңаша түрлендірулер еліміздің халық шаруашылығын басқару-реттеу жолында қаржылық және салықтық механизмдерді қолдану үрдісіне баса назар аударуды қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://baribar.kz/student/827/quqyq-buzushylyq-zhane-olar-ushin-zhauapk/>
2. <https://articlekz.com/kk/article/15642>
3. <https://bigox.kz/zandy-zhauapkershiliktin-tusinigi-onyn-turleri/>
4. Иваненко О.Ф. Некоторые проблемы теории юридической ответственности. – Волгоград, 1979. Выпуск 9. - С.4.
5. Братусь С.Н. Юридическая ответственность и законность -М., 1979. -С.4.
6. Ибраева А.С., Культелеева Т.Т. Вопросы изучения государства и права //Вестник КазГУ. -1998. -№ 9. С.